

Жайық-Каспий бассейні бойынша (Атырау облысы шегінде) балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) пайдаланушыларға бекітіп беру туралы

Атырау облыстық әкімшілігінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 168 қаулысы. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 10 шілдеде N 2467 тіркелді

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Атырау облысы әкімдігінің 05.04.2016 № 67 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10 және 73-баптарын, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10, 25-баптарын, "Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11227 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларының 67-тармағын, сондай-ақ халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссиясының 2006 жылғы 21 наурыздағы мәжіліс хаттамасын басшылыққа ала отырып, Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Жайық-Каспий бассейні бойынша (Атырау облысы шегінде) балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері, тартымдары) он жыл мерзімге пайдаланушыларға бекітіліп берілсін.

2. Атырау облысы Ауыл шаруашылығы Басқармасы:

1) Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында балық ресурстарының өсімін молайту мен сақталуы мәселелері жөніндегі заңнаманың сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін;

2) Облыс әкіміне осы қаулының орындалуы туралы тоқсан сайын ақпарат берсін.

3. Облыс әкімшілігінің 2006 жылғы 21 наурыздағы № 91 "Жайық-Каспий бассейні бойынша (Атырау облысы шегінде) балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) пайдаланушыларға бекітіп беру туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ж. Нақпаевқа жүктелсін.

Табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген Жайық өзенінің балық шаруашылығы учаскелерінің (тартымдарының) тізбесі

Ескерту. 1-қосымшаның 7, 9 тармақтары алынып тасталды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.02.10 № 33 қаулысымен қаулысымен (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Балық шаруашылығы учаскелері (тартымдары)	Бекітіледі
1	"Жоғарғы Золотая"	"Стандарт" ӨК
2	"Төменгі Золотая"	"Восток" ЖШС
3	"Жоғарғы Зарослая"	"Жамбыл" ӨК
4	"Төменгі Зарослая"	"Абылай-хан" ЖШС
5	"Жоғарғы Дамбы"	"Қызыл-балық" ЖШС
6	"Төменгі Дамбы"	"Жемчужина" ЖШС
7	<i>алынып тасталды</i>	
8	"Бугорки"	"Ракуша" ӨК
9	<i>алынып тасталды</i>	
10	"Золотенок"	"Амангелді" ӨК

Қысқартылған атаулардың толық жазылуы:

АҚ - "Акционерлік қоғам"

ӨК - "Өндірістік кооператив"

ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

Табиғат пайдаланушыларға бекітіліп берілген Қиғаш өзені мен сағалық кеңістігінің балық шаруашылығы учаскелерінің (тартымдарының) тізбесі

Ескерту. 2-қосымшаның 6, 7 тармақтары алынып тасталды - Атырау облысы әкімдігінің 2011.02.10 № 33 қаулысымен (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Тартым учаскелері	Бекітіледі
1	"Ягодка"	"Каспий-балық" ӨК
2	"Камышинка"	"Сүлейменов Ш." ЖШС
3	"Қарақамыс"	"Сүлейменов Ш." ЖШС
4	"Песок"	"Каспий-балық" ӨК
5	"Новая лицевая"	"Ақсу-Қиғаш" ӨК
6	<i>алынып тасталды</i>	
7	"Круглая"	"Ақсу-Қиғаш" ӨК
8	"Қызыл оба"	"Сәрсенбаев" ШҚ

Қиғаш өзенінің сағалық кеңістігі

№	Учаскелер	Бекітілді
1	"Верхняя коса"	"Сәрсенбаев" ШҚ
2	"Тришкин"	"Сәрсенбаев" ШҚ
3	"Дементьев"	"Сәрсенбаев" ШҚ
4	"Жар-коса"	"Каспий-балық" ӨК
5	"Новинский"	"Каспий-балық" ӨК
6	"Мальцев"	"Каспий-таңы" ӨК
7	<i>алынып тасталды</i>	
8	"Иголкинский"	"Сүлейменов Ш." ЖШС

Қысқартылған атаулардың толық жазылуы:

АҚ - Акционерлік қоғам

ӨК - Өндірістік кооператив

ЖШС - Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ШҚ - Шаруа қожалығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК